

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 мамырдағы N 420 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.13 № 1196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1.»"Қазақстан Республикасы Жол қозғалысының ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерін және Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерінде :

19.6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын :

"елді мекендерден тыс жерлерде қозғалысы кезінде; қалалардағы және басқа да елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы көлікте;"

1-қосымшаның тақырыбындағы»23457-86 ГОСТ-ы" деген сөздер»"ҚР СТ 1412-2005" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жол белгілері және оның сипаттамалары (ҚР СТ 1124-2003 және ҚР СТ 1412 - 2 0 0 5 б о й ы н ш а) " ;

"Көлденең белгі" деген 1-бөлімнің 1.1-тармағындағы сілтемедегі»"13508-74 ГОСТ-қа" деген сөздер»"ҚР СТ 1124-2003" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі

бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерінде:

қ о с ы м ш а д а :

барлық мәтін бойынша "СТ ҚР Р 51709-2003" деген сөздер»"ҚР СТ ГОСТ Р 51709-2004" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспедегі»"Техникалық жай-күйіне қойылатын қауіпсіздік талаптары және тексеру әдістері" деген сөздер "Қозғалыс қауіпсіздігі шарттары бойынша техникалық жай-күйіне қойылатын талаптар. Тексеру әдістері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК